

**«Хадиша ана» бөбекжай-бақшасы меңгеруші жанындағы
2022-2023 оқу жылына арналған кеңес отырысының
хаттамасы № 1**

Жаңа Шілік ауылы

05.09.2022 оқу жылы

Қатысуға тиіс: балабақша қызметкерлері

Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру.

1. Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

2. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы.
3. Жұмыс уақытысыменен сабақ кестесін құру.
4. Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу.

Тыңдалды :

1 – мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Н.Омарова құжаттардың жүйелілігін, реттілігін тексергендігін айтып өтті. Яғни, балабақша тәрбиешілерінің және қызметкерлерінің өздеріне тиісті журнал, іс – қағаздарының, күнделікті сабақ жоспарларының, айлық, жылдық жоспарларының, тәрбиеленушілердің жеке іс - құжаттарын жүйелігін айтты.

2 – мәселе бойынша шаршуашылық меңгерушісі: А.Исаев Жаңа оқу жылының басталуына байланысты балабақшамызда үлкен жұмыстар жүргізілді. Әр топтың тазалығы, мүліктерінің сапалылығы, ыдыс, төсек орныдарының жайлылығын ретке келтірдік. Алдымен топтағы жиһаздардың құрамы, орналасуы, бүтіндігі қаралады. Ыдыс – аяқтың толықтығы, сынғандары болса ауыстырылды. Жатын бөлменің жабдықтарын түгендеп, ол бөлменің жарық, жылы болуын қадағаладық. Бүлдіршіндердің ұоқ өту үшін жарықтың түсуіне, гүлдердің көп болуына үлкен мән бердік. Балалардың ойын бөлмелердің де жағдайлары толық қарастырылды. Сондай – ақ ас мәзірінің сапасы, әрі уақытылы берілуін қатаң бақылау жұмыстары жүргізілгендігін айтты.

3 – мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Туленова. Топтардағы тәрбиешілердің сабақ кестесін, жұмыс уақытын белгілеп бекіттік. Тәрбиешілер қолдарына бекітілген сабақ кестелері бойынша жұмыстарын жүргізеді. Тәрбиешілер күнделікті берілген тапсырманы уақытысында орындайды. Жұмысқа үлкен жауапкершілікпен қарап, уақытысымен келеді.

4 – мәселе бойынша «Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысы жүргізілді», - деді балабақша меңгерушісі Н.Омарова. Балаларға қажетті оқу құралдары түгелденді. Әр топ балалардың денсаулығы, физикалық қасиеттері

бақыланды. «Ақкөгершін» ересек тобының балаларының сабаққа деген қызығушылықтары жақсы. Барлығы қалам ұстауға бейімделген. Оқу құралдарын дұрыс қолдана алады. Шығармашылық дағдыларын ашу оқу іс – әрекеті бойынша балалардың білім деңгейлері анықталды.

Шешімі:

1. Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру балабақша меңгерушісіне жүктелсін.
2. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы балабақша шаруашылығы бөлімінің басшысы жүктелсін.
3. Жұмыс уақытысыменен сабақ кестесін құру құрылды және оқу құжаттардың жүргізілуіне балабақша әдіскері жауапты болып табылсын.
4. Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу нәтижесі қанағаттанарлық болып табылды.



Көрсеткіші

Хатшы

Н.Омарова

А.Туленова

«Хадиша ана» бөбекжай-бақшасы меңгеруші жанындағы

**2022-2023 оқу жылына арналған кеңес отырысының
хаттамасы № 2**

Жаңа Шілік ауылы

14.11.2022 жыл

Қатысуға тиіс: балабақша қызметкерлері

1. Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. Шолу тексеру қорытындысы: «Күн тәртібінің орындалуы»
3. «Тыңдалды 25 - қазан Республика күніне арналған «Мен Отанның бақытты ұлымын» атты тәрбие сағаты
«Үйшіктегі күз» дене шынықтыру сауық кешінің жоспарымен танысу, бекіту
4. «Жаңа Жыл!» ертеңгілік сценариімен танысу, бекіту

1. Тыңдалды балабақша меңгерушісі Н.Омарова өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына есеп берді. Балабақшада кезекші топтар қалыпты жұмыс жүргізіп отыр. Барлық санитарлық талаптар орындалуда. Топтар керекті дезинфекциялық құралдармен қамтамасыз етілген. Сонымен бірге өткен кеңестегі кемшіліктердің орындалуына тоқталып өтті. Топтарда дене шынықтыру құралдары толықтырылған, кітап бұрыштары жаңартылғанын және ойын атрибуттары біршама толықтырылғанына тоқталды.

2. Тыңдалды балабақша әдіскері А.Туленова «Топтардағы күн тәртібінің орындалуы» жедел тексеру қорытындысымен таныстырып өтті. Тексеру мақсаты: топтарда күн тәртібінің талапқа сай орындалуы, кемшіліктерді анықтау, түзету. Тексеру мерзімі: 14.11-21.11.2022 ж.

Жедел тексеру бойынша келесі топтарда күн тәртібінің талапқа сай орындалуына бақылау жүргізілді: «Ақкөгершін» ересек, «Балапан» ортағы, «Ботақан» кіші. Тексеру бойынша топтарда күн тәртібін орындауда өрескел бұзушылықтар анықталмағанын, таңертеңгі қабылдау, гимнастика талапқа сай жүргізіліп жатқанын, балалар мен тәрбиешілердің қарым-қатынасы жақсы екеніне тоқталды. Дегенмен ұйқы мен серуен кезінде анықталған кемшіліктерге тоқталды. Ұйқыдан тұрғызу кешіктірілгенін, кіші топтарда ерте ұйықтап қалатын балалар болғанын, ұйқыдан біртіндеп тұрғызуда ортаңғы топта кеш ояту жағдайы анықталғанын айтып, балалармен ұйқы ашар жаттығулар мен гигиеналық процедуралардың талапқа сай жүргізілді керектігін ескертті.

Тәрбиешілер толық келісті

3. Тыңдалды 25 - қазан Республика күніне арналған «Мен Отанның бақытты ұлымын» атты тәрбие сағаты сценариімен балабақша әдіскері А.Туленова

таныстырып өтті. Балалардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін, сезімдерін ояту. Елін, жерін сүйуге, Отанын қастерлеуге, шыншылдыққа тәрбиелеу. Сценарийде туған елге деген сүйіспеншілігін арттыру, отанын сүйу екенін айтып, туған ел туралы тақпақтар, әндер жобаланғанын айтып өтті.

Тәрбиешілер толық келісім берді. Сонымен бірге әдіскер балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес салауатты өмір салтын ұйымдастыру бөлімі бойынша «Үйшіктегі күз» дене шынықтыру сауық кешінің жоспарымен таныстырды. Сценарий балалардың бойынан театрлық - ойын қызметіне деген қызығушылық тудыруға, кез келген театрланған қойылымдарда белсенді атсалысып қатысуға бір-біріне көмек қолын созуға және достық қарым-қатынасты тәрбиелеуге жобаланған. Балалардың дене қимылын зияткерлік тапсырмамен араластыра орындауға арналған. Тақпақтар, би қимылдары, ойындар бала жасына сай келетініне тоқталды. Сонымен бірге керекті материалдармен таныстырды.

Балабақша меңгерушісі керекті материалдармен толықтыруды шаруа меңгерушісі мен мейірбикеге тапсырды. Ойын сауықты 24.11.2022 ж өткізуді ұсынды.

Қызметкерлер толық келісті.

4. «Жаңа Жыл жарқын болсын!» ертеңгілік сценариймен балабақша музыканты таныстырды. Ертеңгіліктерде сахналау, әндер және билер бала жасына сай таңдалған. Балалардың ертеңгілікке кіруі және аналар мен қыздарға силық силау сәттері таңғажайып сәттерге негізделіп жобаланған. Музыкант ертеңгілікке керекті құралдар мен залды әсемдеу варианттарын ұсынды. Меңгеруші материалдық жағынан көмек беретінін білдірді. Ертеңгілікті 28-29-30.12.2022 оқу жылында өткізуді ұсынды.

Меңгеруші толық келісім берді.

Шешімі:

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.

2. «Күн тәртібінің орындалуы» жедел тексеру қорытындысы қанағаттанарлық.

Анықталған ескертулер түзетілсін, орындалсын. Жауапты: тәрбиешілер.

3 25 - қазан Республика күніне арналған **«Мен Отанның бақытты ұлымын»** атты ашық оқу қызметі ортаңғы ересек тобында өткізілсін.

Мерзімі 24-25.11.2022 ж

«Үйшіктегі күз» дене шынықтыру ойын сауығы жоспары бекітілсін.

21.11.2022 ж өткізілсін.

4.«Жаңа Жыл жарқын болсын!» ертеңгілік сценарилері бекітілсін. 28-29-30.12.2022 ж күндері өткізілсін

Н.Омарова

А.Туленова



«Хадиша ана» бөбекжай-бақшасы меңгеруші жанындағы

2022-2023 оқу жылына арналған кеңес отырысының

хаттамасы № 3

Жаңа Шілік ауылы

04.01.2023 жыл

Қатысқаны: балабақша қызметкерлері

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Табиғат бұрышында кезекшілік жұмысты ұйымдастыру, оны жабдықтау.
2. Тәрбиешінің оқу іс – әрекетіне дайындық сапасы.
3. Топтардағы ата – аналар жиналысын өткізу.
4. Күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты ұйымдастыру.

Тыңдалды :

1 – ші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Н.Омарова топтардағы табиғат бұрышын ұйымдастырылуын бақылады. Ондағы мақсаты топ бүлдіршіндерінің табиғатқа қамқор болуға, гүлдерді аялап баптай білуге баулу. Балаларды еңбекке баулу тәрбиешінің басты міндеті. Балалармен сабақтан тыс уақыттарда табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен гүлдерге күтім жасалынады. Балаларды еңбекке баулу тәрбиешінің басты міндеті. Мысалы, ас әзірлеу, оқу құралдарын тарату, жинау және табиғат бұрышында еңбек ету. Барлық топтарда гүлдерге күтім жасау үшін еңбек құралдары және арнайы киімдері бар. Күніне екі балаладан кезекшілік жасайды. Табиғат бұрышындағы гүлдерді суғару, айналасын сұрту, түбін қопсыту күнделікті кезекшілікпен жүргізілетіндігі айтылды.

2 – ші мәселе бойынша әдіскер А.Туленова топтардағы тәрбиешілердің және пән жетекшілерінің күнделікті оқу іс - әрекеті жоспарларының уақыты бекітілетіндігін айтты.

3 – ші мәселе бойынша балабақша медбикесі 2022 – 2023 оқу жылының қаңтар айында әр топ ата – аналарымен кезекті жиналыстарына қатысқандығын айтты. Ондағы мақсаты: ата – аналарға бала тазалығы және кейбір аурулардан сақтану үшін әртүрлі тақырыптарда баяндамалар оқылды. Атап айтатын болсақ, «Тазалық-денсаулық кепілі» тақырыбындағы баяндамасын 3 топқа да оқығандығын айтты. Себебі, күздің алғашқы

кездеріндегі суық балаларды ауыртады. Балаларды жылы киіндіріп әкелу, гигиеналық тазалық шараларын сақтау басты назарда болуын ескерте отырып, егер бала ауырған жағдайда бірден бізге ескертіп немесе ауылдық амбулаторияға қаратуларын атап өтті. Сондықтан күз кезінде балаларды тұмаудан ауырмаудың алдын алу шараларын жүргізу керек айтты. Тұмаудан құтқарудың бірден бір жолы вакцина егтіру екендігін, оны жыл сайын егтіру қажет. Өйткені тұмаудың вирусы үнемі өзгертіп отырадығын және балабақшаға әкелер кезде 0,25% оксалин мазын үнемі жағып келулерін ескертті. Балаларға арналаған «Поливит», «Дуавит», «Центрум» сияқты поливитаминыдерді беріп жүрулерін айтты.

4 – ші мәселе бойынша күнделікті таңертең келген ата – аналармен, балалармен амандасып, балалардың таңертеңгілік көңіл күйлерін бақылағандығын айтты. «Жылулық шеңбері» арқылы көңіл күйлерін көтеріп және балалардың уақытылы тамақтануын, гигиеналық тазалықтарын қадағалағандығын айтты. Оқу іс – әрекетінде тәрбиешілердің күнделікті жазылатын технологиялық карталарын бекітіп, оқу іс – әрекетіне қажетті құрал – жабдықтарын тексерді. Оқу іс – әрекет процесіне қатысқандығын айтылды. Серуен кезінде балаларды күз мезгіліндегі табиғат құбылыстарын бақылатып, ойын алаңында қызықты ойындар ойнатылғандығын бақыланды. Түскі ас кезінде балалардың дұрыс тамақтанулары қадағаланды. балаларды тәтті ұйқыға жатқызу кезінде ертегілерді айтқандары бақыланды. Ұйқыдан ояңған кезде сергіту жаттығулары, ойындар мен шынықтыру шаралары ұйымдастырылғандығын айтты. Балаларға бесін тамақ берілгеннен кейін, әртүрлі сюжеттік, рөлдік, шығармашылық және дидактикалық ойындар ойнатылғандықтары бақыланды. Балаларды үйлеріне шығарып салғандарын бақылағандығын айтты.

Шешімі:

1. Табиғат бұрышында кезекшілік жұмысты ұйымдастыру, оны жабдықтау жұмыстар жалғастырылысын.
2. Тәрбиешінің оқу іс – әрекетіне дайындық сапасы жақсарту ай ма ай перспектива мен циклаграмма жасалынсын.
3. Топтардағы ата – аналар жиналысын өткізу бағыттары нақтылансын.
4. Күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты ұйымдастыруға жауапты балабақша медбикесі және әдісері болып табылатын

Кеңес төрағасы

Н.Омарова

Хатшы:

А.Туленова



«Хадиша ана» бөбекжай-бақшасы меңгеруші жанындағы

**2022-2023 оқу жылына арналған кеңес отырысының
хаттамасы № 4**

Жаңа Шілік ауылы

03.03.2023 жыл

Қатысуға тиіс: балабақша қызметкерлері

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
 2. Шолу тексеру қорытындысы «Күннің II жартысын өткізу».
 3. «Наурыз жұлдыздары » мерекелік ертеңгіліктің сценариімен, «Көктем толы мереке» тәрбие сағаттарының жоспарымен танысу, бекіту
 4. «Спорт жұлдыздары» дене шынықтыру ойын сауығы жобасын бекіту
- 1.Тыңдалды** балабақша меңгерушісі Н.Омарова өткен кеңестің шешімдерін орындалғанын айтып, ішінара кемшіліктерті атап өтті. Тәрбиешінің көмекшілері мен медбикеге балабақша ішіндегі санитарлық талаптардың орындалуы қатаң талап етіліп жатқанын ескертті. Қызметкерлердің оны мүлтіксіз орындауы керектігін айтты. Сонымен бірге топ бөлмелерінде тамаққа дейін және кейін үстелді сабынды ыстық сумен жуу, Таңбаланған ыдыстардағы ойыншықтарды өңдеуді күн соңында бір рет ортаңғы және ересек топтарда, ерте жас және кіші топтарда күніне екі рет өткізу керек, ол бірақ толыққанды жүргізілмей жатқанын байқағанын ескертті. Сонымен бірге топтарды және , музыка залын желдету 10 минут, ұйқы алдында жатын бөлмені 30 минут желдету керектігін қайта ескертетінін айтты. Педагогтарға көмекші тәрбиешілерді басқарып, талаптарды толыққанды орындау керектігін қадап айтты. Сонымен бірге балаларды қызылша немесе грипптің алдын алып қорғау үшін тәрбиешілерге серуендеу ұзақтығын арттыруға, ал жақсы ауа-райында сабақтың бір бөлігін аулада өткізуге кеңес берді. Балалардың киіну-шешінуіне көп уақыт жұмсамау туралы тәрбиешілерге кеңес берді.
- 2.Тыңдалды** балабақша әдіскері А.Туленова «Күннің II жартысын өткізу» шолу тексеру қорытындысымен таныстырды. Әдіскер балабақша жұмысының күннің II-жартысын ұйымдастыруда күн тәртібі сақталып жатқанын айтып өтті. Яғни ұйқыдан кейін балалардың көңіл-күйін үйлестіру, ұйқы ашар жаттығулар , денсаулық жолдары жүйелі жасалып жатқанын, бесін тамақтан кейінгі бос уақыттарды жобалау тақырыптары әр алуан екеніне тоқталды. Мысалы ересек топтарда шаруашылық тұрмыстық еңбек: ойыншықтарды тазалау, жөндеу, бұрыштарды тазалау т.с.с жүргізілсе, кіші топтарда театр көрсету, қыстырғыштармен ойындар, мультфильм көру жобаланғанын айтты. Сонымен бірге ертегі тыңдау, бейнелеу бұрышындағы жұмыстар мен балалардың қолын жазуға үйрету, тақпақтарды қайталау ересек топтарда жиі өткізілетінін ескертіп, жұмыс түрлерін түрлендіру керектігін ескертті.

Тәрбиешілер бұл ескетудің орынды айтылғанын мойындап, түзетуге уәде берді.

Сонымен бірге әдіскер «Менің анамның мерекесі» ертеңгілігінің өтілуіне тоқталды. Ертеңгілікке балалардың дайындығын және бұл ертеңгілікке ата-аналар да белсенді ат салысып балаларына қолдау білдіріп жатқанын атап өтті. Ертеңгілік мазмұны бала жасына сай таңдалған, тақпақтар, әндер, билер және сахналық қойылымдар жобаланғанын айтып өтті.

Тәрбиешілер ертеңгілікті безендіруге және балаларға сыйлықтарға керекті заттармен қамтамасыз еткені үшін балабақша әкімшілігіне рахметін айтты.

3. Тыңдалды балабақша тәрбиеші А.Әбденбай «Наурыз жұлдыздары» ертеңгілік сценариймен таныстырып өтті. Мерекелік ертеңгіліктің сценарийлері бала жасына сай жобаланған. Ертеңгілікте сахналау, әндер және билер бала жасына сай таңдалған. Балалардың ертеңгілікке кіруі ұлттық салт дәстүрлер таңғажайып сәттерге негізделіп жобаланған. Музыкант ертеңгілікке керекті құралдар мен залды әсемдеу варианттарын ұсынды. Меңгеруші материалдық жағынан көмек беретінін білдірді. Ертеңгілікті 31.03.2023 өткізуді ұсынды. Меңгеруші толық келісті.

4. «Спорт жұлдыздары» дене шынықтыру ойын сауығы жобасын бекіту бойынша әдіскер А.Туленова тыңдалды. Балабақшаның жылдық жоспарында салауатты өмір салтын ұйымдастыру бөлімін орындау мақсатында ортаңғы және ересек топтарда дене шынықтыру ойын сауығы жобаланғанын, онда балалардың дене шынықтыру оқу қызметінде игерген қимылдарын нақтылау мақсатында ойындар жобаланғанын түсіндіріп өтті. Ойындар бала жасына сай жобаланған. Ойын сауыққа керекті құралдар толыққанды дайындалу керектігін ескертті

Тәрбиешілер толыққанды дайындалуға келісім берді

Шешімі:

1. Балабақшада санитарлық талаптар қатаң сақталсын. Балалардың серуендеу уақыты арттырылсын.

2. Күннің II-жартысын ұйымдастыру шолу тексеру қорытындысы бойынша айтылған ескертулер орындалсын. Мерзімі тұрақты.

3. Балабақшадағы ертеңгіліктерді тәрбиешілер мен музыка жетекшілігімен бірлесе жұмыс атқарсын.

«Наурыз жұлдыздары» 31.03.2022 ж өткізілсін. Керекті құралдармен толық қамтамасыз етілсін. Жауапты меңгеруші Н.Омарова

4. «Спорт жұлдыздары» дене шынықтыру ойын сауығы жобасын бекітілсін. Оған жауапты ересек және ортаңғы топ тәрбиешілерге. Медбикеке жүктелсін

Кеңес төрағасы

Хатшысы



Н.Омарова

А.Туленова